



Жалағаш жаршшысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Акция

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев экобелсенділермен бірге елорданың «Самал» саябағында ағаш отырғызды. Бұдан кейін Президентке жауапты мемлекеттік орган басшылары атқарылған жұмыс жайында баяндады. Шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр жұрты да қатысты.



Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың сөзіне сүйенсек, «Таза Қазақстан» акциясы аясында екі жылда 1,5 мың экологиялық іс-шара ұйымдастырылған. 2 миллион тонна қоқыс жиналып, 5,5 миллионға жуық тал егілген. Жыл сайын бұл бастамаға 6,5 миллион адам, соның ішінде 780 мың волонтер қатысады. Министрдің айтуынша, 2021-2025 жылдары орман қорын толықтыру үшін 1 миллионнан аса гектарға 1 648,4 миллион түп көшет отырғызылған. Елді мекендерде бес жыл ішінде 18,4 миллион ағаш егілді. Алдағы уақытта 1 760 мың гектар жерді қамтитын 46 экоаумақ құрылмақ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев екі жыл бұрын тағылымы мол, мән-мазмұны айрықша «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы басталғанын айты.

– Халқымыз ежелден «тазалық» ұғымына ерекше мән берген. Жұртымыз «таза» сөзін кең мағынада қолданады. Мысалы, арлы, ниеті түзу, адал адам туралы айтқан кезде «ары таза, ойы таза, жүрегі таза адам» деп сипаттаған.

Бабаларымыз әрдайым табиғатпен етене байланыста өмір сүрген, қоршаған ортаны қорғау қастерлі міндет деп санаған. «Обал болады» деп жас ұрпақты табиғатқа ешқандай зиян келтірмеуге үйреткен. «Булақ көрсен, көзін аш» деп

Жер-Анаға жанашыр жүректен қарауға тәрбиеленген Міне, бүгін де тазалық ұғымы ұлтымыздың болмыс-бітіміне тән асыл қасиетке, қоғамдық мәні зор құндылыққа айналып жатыр. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы – соның айқын көрінісі.

Жалғасы 2-бетте

Бәрекеді!

Сырдағы серпінді іс



Табиғатқа жанашырлық – ұлт болмысының айнасы, ұрпаққа қалған аманаттың асыл өзегі. Осы асқақ ұстанымды түптен қазақ жұрты «Таза Қазақстан» бастамасы арқылы ел келешегіне бағытталған игі істерді жүйелі жүзеге асырып келеді. Бұл бастама – жай науқан емес, ұлттық сананы жаңғыртатын, қоғамды ортақ жауапкершілікке үндейтін тағылымды қозғалыс.

Аталған игі бастама аясында Қызылорда облысы да тазалық пен көркейтуді жұмыстарын жаңа деңгейге көтеріп, өңірдің экологиялық келбетін жаңғыртуда. Сыр бойындағы серпінді іс табиғат пен адам үйлесімінің нақты көрінісіне айналып отыр.

Сыр өңіріндегі игі бастамалар нәтижесіз емес. Қызылорда қаласы жаңа кейіпке еніп, заманауи келбетке ие болуда. Қайта жаңғырған Президент саябағы табиғат пен сәулеттің үйлесімін тапқан ерекше кеңістікке айналып келеді. Мұнда халықтың тынығуына, спортпен шұғылдануына, мәдени демалуына барлық жағдай жасалған.

Өңірдегі жүйелі жұмыстар облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен қарқын алып, барлық ауданды қамтыды. Мыңдаған адам жұмылып, жүздеген гектар аумақ тазартылып, мыңдаған көшет егілді. Бұл – ел бірлігі мен ортақ іске деген жауапкершіліктің жарқын көрінісі.

Сыр бойында жүзеге асып жатқан жобалар – тек бүгінгі емес, болашақтың қамы. Қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу, жасыл аймақтарды көбейту, барлығы да экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Арнайы контейнерлер орнатылып, тұрғындарға қалдықтарды бөлек жинау дағдысы үйретілуде.

Сонымен қатар жас ұрпақ тәрбиесінде де табиғатқа жанашырлыққа ерекше

мән берілген. «Жасыл мектеп», «Жас эколог», «Табиғат сақшылары» сынды жобалар арқылы балалардың бойына табиғатты аялау қасиеті ерте жастан сіңірілуде.

Туған жердің тазалығы – ұлт ұлағаты мен ұрпаққа деген аманаттың айқын көрінісі. Табиғатты аялау арқылы ғана болашаққа баянды бағдар жасап, өмір сапасын арттыруға болады. Осы ұстанымды түптен Жалағаш жұрты «Таза өлке – Жалағаш» экологиялық акциясы – табиғат пен адам арасындағы үйлесімді байланысты нығайтқан тағылымды шара болды.

Қоршаған ортаны қорғау – адамзат өркениетінің ең өзекті міндетінің бірі. Табиғат – тіршіліктің тынысы, өмірдің өзегі. Осы ұлы ұғымды терең сезініп, туған жердің тазалығы мен көркеюіне үлес қосу – әр азаматтың парызы. Осы орайда Жалағаш ауданында өткен «Таза өлке – Жалағаш» экологиялық акциясы – табиғат пен адам арасындағы үйлесімді байланысты нығайтқан тағылымды шара болды.

Акция «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында ұйымдастырылып отыр. Басты мақсат – қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жасыл кеңістікке деген жауапкершілікті арттыру. Бұл бастама – тек бір күндік науқан емес, болашаққа бағытталған баянды бағдар, саналы қоғам қалыптастыруға жасалған нақты қадам.



Шараға қатысқан аудан әкімі Ардақ Ибрагимов табиғатты қорғаудың маңызын атап өтті. Оның «әр отырғызылған тал – ертеңгі ұрпаққа қалған аманат» деген сөзі акцияның мәнін айқындай түскендей. Расында, әрбір егілген көшет – тек жасыл желк емес, келешекке деген сенімнің, өмірге деген іңкәрліктің белгісі.

Аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Асылбек Тәуіпбаев та игі шараның мән-маңызына тоқталып, елдік істің елдік рухпен атқарылып жатқанын ерекше атап өтті. Ол Мемлекет басшысының Жолдауда көтерген «Таза Қазақстан» бастамасының маңызына назар аударып, бұл акцияның сол үндеудің нақты көрінісі екенін жеткізді.

– «Таза Қазақстан» – жай ғана ұран емес, ұлттық болмысын айқындайтын, болашаққа бағытталған үлкен бағдар. Бүгін Жалағаш жұрты бір жағадан бас, бір жөннен қол шығарып, туған жердің көркеюіне өз үлесін қосып отыр. Бұл – ұрпаққа үлгі, елге өнеге болатын іс. Бүгінгі акция аясында 550 түп ағаш отырғызылды. Әрбір тал – ертеңгі ұрпаққа аманат, әрбір көшет – келешекке деген сенімнің белгісі, – деді аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы.

Бұл игі іске жергілікті жұрт белсенді атсалысты. Зиялы қауым, ардагерлер, ақсақалдар алқасы, аналар мен әйелдер кеңесінің мүшелері, этнос өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, жастар мен ерік-тілер, барлығы бір мақсатқа жұмылды. Осындай бірлік пен ынтымақтың нәтижесінде белгіленген аумақтарға 550 түп ағаш отырғызылып, аудан келбеті жаңа тыныспен түленгендей болды.

Ағаш отырғызу – ежелден халқымыздың ізгі дәстүрінің бірі. «Бір тал кессең, он тал өк» деген даналық сөздің астарында табиғатқа деген шексіз құрмет жатыр.

Жалағаш жұрты осы қағиданы берік ұстанып, туған жердің табиғи байлығын көздің қарашығындай сақтауға дайын екенін көрсетті. Ақияда қатысушылар тек ағаш отырғызумен шектелмей, елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және тазалық жұмыстарын тұрақты жүргізудің маңыздылығын кеңінен насихаттады. Бұл – экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастыратын маңызды қадам. Себебі табиғатты қорғау – бір реттік әрекет емес, күнделікті өмір салтына айналуы тиіс дағды.

Осындай шаралар арқылы қоғамда экологиялық сана қалыптасып, табиғатқа деген жанашырлық арта түседі. Әсіресе жас ұрпақ үшін мұндай акциялардың тәрбиелік мәні зор. Олар табиғатты қорғаудың тек сөз жүзінде емес, нақты іс арқылы жүзеге асытынын көреді, соған бейімделеді.

Жалағаштағы бұл игі бастама – ел көлемінде жүзеге асып жатқан үлкен экологиялық қозғалыстың ажырама бөлігі. Әр өңірдегі осындай игі қадам тұтас елдің келбетін жаңартыды.

Қорыта айтқанда, Сыр өңіріндегі серпінді жобалар мен Жалағаштағы тағылымды бастамалар – табиғатқа деген жанашырлықтың, елге деген сүйіспеншіліктің шынайы көрінісі. Әр отырғызылған тал – болашаққа қалған аманат, әрбір тазаланған аумақ – ұрпаққа жасалған қамқорлық.


Таза табиғат – жарқын болашақтың көпірі. Сол болашақты бірге қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Табиғатты аялау – туған жерді сүйудің ең биік өлшемі. Бүгінгі игі шарадан осындай ой түйдік.

Леззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Біле жүріңіз!

Ішкі істер министрлігі жасанды интеллект технологияларын пайдалану арқылы жасалатын интернет-алаяқтықтың жаңа түрі анықталғанын хабарлады. Әлеуметтік желілерде deepfake технологиясы арқылы бір банктің басшысының бейнесі қолданылған жалған бейнеролик таралуда. Онда азаматтарға Naluk+ атты инвестициялық платформа арқылы ірі көлемде табыс табу мүмкіндігі ұсынылатыны айтылған.

Желіде алаяқтықтың жаңа түрі пайда болды



Министрлік ресми түрде мұндай платформаның жоқ екенін және таралып жатқан ақпараттың толық жалған екенін мәлімдеді. Мұндай алаяқтық әрекеттер азаматтардың қаржысын жоғалтуына әкелуі мүмкін.

Ведомствоның мәліметінше, белгісіз онлайн-платформалар арқылы инвестиция салу ұсыныстары жоғары тәуекелмен байланысты. Қаржылық операцияларды тек банкінің ресми бөлімшелеріне жеке жүгіну арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

Ішкі істер министрлігі азаматтарды әлеуметтік желілердегі күмәнді видеолар мен жазбаларға сенбегуге, белгісіз сілтемелерге өтпеуге, жеке деректерді бөгде тұлғаларға бермеуге және ақпаратты тек ресми дереккөздерден тексеруге шақырады. Мұндай материалдар анықталған жағдайда немесе алаяқтардың құрбаны болған кезде азаматтарға дереу құқық қорғау органдарына жүгіну ұсынылады.

Жедел әрекет ету міндеттелді

Елімізде балаларға қатысты зорлық-зомбылық, қатыгездік және жәбірлеу деректеріне жедел әрекет етуді көздейтін бірыңғай ведомстваралық алгоритм бекітілді. Тиісті бірлескен бұйрық «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңды іске асыру аясында қабылданған.



Жаңа құжатта полиция, білім беру ұйымдары, медицина қызметкерлері және қорғаныс органдарының жауапкершілік аясы нақты айқындалды. Енді бала құқығының бұзылуы туралы кез келген ақпарат бойынша белгіленген мерзімдерге сай міндетті іс-қимылдар тізбегі автоматты түрде іске қосылмақ.

Жүйедегі негізгі жаңашылдықтың бірі – кейіс-менеджерлер институтының енгізілуі. Әрбір оқиға бойынша жеке жауапты маман бекітіледі. Ол барлық мүдделі қызметтің жұмысын үйлестіріп, баланың құқығы толық қалпына келгенге дейін сүйемелдеу жүргізеді. Бұл тәсіл ведомстволар арасындағы жауапкершіліктің жүйелі қалу тәуекелін азайтады. Алгоритмде әрекет ету мерзімдері де нақты белгіленген. Ақпарат дереу тиісті органдарға жеткізіледі. 1 сағат ішінде мәлімет бала құқықтарын қорғау органдарына жолданады. 1 жұмыс күні ішінде кейіс-менеджер қызметін атқарып, баланың өмір сүру жағдайы тексеріледі. Ал материалдарды көмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жолдау мерзімі 3 жұмыс күнінен аспайды.

Жаңа құжатта әрекет ету негіздерінің ауқымы кеңейтілді. Енді ресми етініштермен қатар балалардың өз сигналдары, «111» байланыс орталығының хабарламалары, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен БАҚ-тағы мониторинг нәтижелері де ескеріледі. Бұл бағытта мобильді топтар мен психологиялық қолдау орталықтары да жұмылдырылған. Балаларға көмек бірінші стандарт бойынша көрсетіледі. Оған медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік және құқықтық қолдаудың толық кешені кіреді. Сондай-ақ жаңа тәртіпке сәйкес, мемлекеттік қорғау тек зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға ғана емес, оған куә болған көмелетке толмағандарға да ұсынылады.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы



– Қазір әлемде қоршаған ортаның ластануы, климаттың өзгеруіне байланысты көптеген сын-қатер пайда болды. Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Халықаралық қауымдастық табиғатты қорғау мәселесіне баса мән беріп отыр. Қазақстан да осы бағытта нақты басамалар көтеріп келеді. Кеше Астанада Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында ұйымдастырылған Өңірлік экологиялық саммит аяқталды. Осы ауқымды форум шеңберінде эковолонтерлікке, ресурстарды үнемдеу мәселелеріне арналған маңызды іс-шаралар өтті. Бұған дейін де айтқанындай, әлемде ешқандай ел экология мәселесін жалғыз өзі шеше алмайды. Бұл – аса күрделі, жауапты жұмыс, сондықтан осы бағытта дипломатиялық күш-жігерді, ғылымды, бизнесті, қоғамды, волонтерлерді, бір сөзбен айтқанда, мақсаткер жастарды жұмылдыру қажет. Өйткені патриот жастар ердайым өзгерістерді көш басында жүреді. Сіздердің тарихи миссияларыңыз – елімізді жоғары технологиялар мен өнер, ғылым және гуманитарлық құндылықтар салаларында мейлінше дамыған мемлекеттер қатарына қосу, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанда соңғы жылдары көп өзгеріс болғанын, қалалар мен ауылдар тазарып, топырақтың, судың, ауаның ластануы азайғанын атап өтті. Ірі кәсіпорындарда зиянды шығарындыларды төмендету бағытында жұмыс атқарылып, үздік экологиялық тәжірибелер енгізіліп жатқанын жеткізді. Тіпті қатты қалдықтарды қайта өңдеу ісінде алға ілгерілеу барын жасырмады. Бірақ кемшіліктер де аз емесін, ең бастысы, экономика ғана емес, азаматтардың тұрмыс салты мен ой-санасы да өзгеріп жатқанын тілге тиек етті.

– Жаңа Конституциямызда жасампаз патриотизм, бірлік, ынтымақ, табиғатты аялау қағидаттары тіршіліктің негізі іргетасы ретінде бекітілді. Бұған белгілі дәрежеде «Таза Қазақстан» жобасының, яғни ел жастарының әсері болғаны рас. Мен өздеріңізді мақтан тұтамын. Сіздерге алғысым шексіз. Екі жылда аталған прогрессивті бастама жалпыұлттық қозғалысқа айналды. Жоба тың мазмұнмен толығып, шын мәнінде, Әділетті Қазақстан идеясының өзегіне айналып келеді. «Таза Қазақстан» қағидаты, «Заң және тәртіп», «Адал азамат» тұжырымдамалары тұтас құндылықтар жүйесін құрап,

мемлекеттік басқару мен қоғамның ажырамас бөлшегі болуы тиіс. Мұны жан-жақты ілгерілету үшін беделі биік белгілі азаматтарды тартқан дұрыс. Жаңа идеологияның басты дәрiптeушiсi – жастар, – дедi Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» бастамасын дамыту аясында жануарларға қамқорлық мәдениетін қалыптастыруға тоқталды. Сондай-ақ ол үй жануарларының адамдардан қорлық көруіне жол бермеу қажеттігін қалғарға салды. Енді Үкімет үй жануарларын дұрыс күтіп-баптамағандарға берілетін әкімшілік жауапкершілікті қатаңдатып, ал оларға қатыгездік көрсеткендерге кесілетін қылмыстық жазаны күшейтуі керек.

Президенттің сөзінше, қаңғыбас итер мәселесіне азаматтардың нәмікұрайлығы себеп. Расында жануарларды асырағанымен, кейін керексіз заттай көшеге тастап қалып қалып бар. Осы ретте Президент мұндай келеңсіздіктердің алдын алу қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ ешқандай «хайпқа» жол бермей, мамандандырылған жануарлар орталықтарының қызметіне қоғамдық бақылау болу қажеттігін атап өтті.

– Бұл іске сіздер де үлес қосасыздар деп ойлаймын. Жалпы қаңғыбас итерге қамқорлықпен қарау қоғамның арасына сына қақпауға тиіс. Өңірлерден алған ақпаратқа сәйкес, балалар, тіпті ересектер жабайы итерден жиі зардап шегуде. Басты мәселе – осы. Сондықтан бұл проблемаға мемлекет пен жұрттың, нақты айтқанда, заң шығару турғысынан Парламенттің араласуына болмайды. Бірақ біз қорғаныс жануарларды жебірілген фактілерге де бейжай қарамауымыз керек, атап айтқанда, үй жануарларын азаптағандарды қылмыстық жауапкершілікке тартқан дұрыс. Осындай тәсілдер қоршаған ортаға озық әрі жауапты көзқарас қалыптастырады деп ойлаймын. Бұл да – «Таза Қазақстан» аясында атқарылуы тиіс істің бірі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев экологиялық мәдениетті қалыптастыру ісінде білім жүйесіне баса мән беруді маңызды мәселе ретінде атады.

– Тазалықтың тірегі – тәрбие. Балаларды экологиялық мәдениет пен өнеке мектеп жасынан баулу қажет. Сондықтан экологиялық акцияларға оқушылар мен студенттердің белсене қатысқаны жөн. Осыған орай Оқу-ағарту министрлігіне «Жасыл сабақтар» жобасын қабылдауды тапсырамын. Білім ордаларында суды және қуат көзін үнемдеу, қоршаған ортаны қорғау ісін дәріптейтін бастамаларды қолға алу қажет. Сондай-ақ оқушылар мен студенттердің экология мәселесіне арналған ғылыми ізденістеріне жан-жақты қолдау көрсету керек. «Таза Қазақстан» халқымызды жаңа сапалық деңгейге көтеретін ұлттық идея болуы тиіс. Оны қоғамда терең орнықтыру үшін мәдениет саласының, әсіресе креативті индустрияның өлеуетін барынша пайдаланған жөн. Еңбекқорлық, ұқыптылық, адалдық, жасампаздық құндылықтары фильмдер, сериалдар арқылы да насихатталуы тиіс. Бұл жұмыста бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желінің де мүмкіндігін дұрыс қолдану керек, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысып, Отан алдындағы адалдығын нақты ісімен көрсеткен бір топ азаматты марапаттады. Олардың қатарында жерлесіміз, Жалағаш ауданының «Jalyndy jas» еріктілер клубының мүшесі, белсенді жас, Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің мұғалімі Құралай Аймұратқызы да бар.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ғылым – болашаққа бастар жол

Ғылым жұмыскерлері күні қарсаңында ғалымдардың еңбегін құрметтеу, ғылымды дамытуға назар аудару мақсатында Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінде «Ғылым – болашаққа жол» атты мазмұнды әрі танымдық кездесу өтті. Кездесудің құрметті қонағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты Айгерім Жарқынбекқызы болды. Кездесуде оқушыларға ғылымның маңызымен, заманауи білімнің ролі жайлы кеңінен ақпарат берді. Ұлағатты ұстаз Айгерім Жарқынбекқызы өз тәжірибесімен бөлісіп, ғылым жолындағы жетістіктерге жетудің қыр-сырын түсіндірді.



Шарада оқушылар белсенділік танытып, өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды. Осындай кездесулер жас ұрпақтың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, олардың болашаққа сеніммен қадам басуына ықпал етеді.

Айгерім Жарқынбекқызы – Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін «Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесін иеленген. Қазіргі таңда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша докторанты.

Білікті педагог «Ағылшын тілі сабақтарында оқылымды үйрету барысында PISA өлшемдерін есепке алу қағидаттары» тақырыбында диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізуде. Диссертацияны қорғауға шығу үшін қойылатын талаптарға сәйкес, ол ғылыми мақалаларын жоғары рейтингті басылымдарда жариялап келеді.

Айгерімнің ғылыми еңбектері ФЖБССҚК тізіміне енетін басылымдарда жарық көрген. Атап айтқанда, Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы журналында «Analysis of PISA survey's digital reading texts», Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы журналында «PISA халықаралық зерттеу аясында білім алушылардың оқу сауаттылығын жақсарту әдістемесі», сондай-ақ Ұ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «БІЛІМ» ғылыми-педагогикалық журналында «The correct formulation of reading tasks and effective application of cognitive strategies in the development of functional literacy in students» атты мақалалары жарияланған.

Scopus деректер базасына енетін журналдарда мақала жариялау – диссертация қорғауға қойылатын маңызды талаптың бірі. Айгерім Жарқынбекқызы бұл талапты сәтті орындап, аталған базаға кіретін халықаралық журналдарда екі ғылыми мақаласын жариялаған. Атап айтсақ, «ECONOMIC ANNALS-XXI» халықаралық зерттеу журналына «Future workforce formation: relationship between the emotional well-being and readiness for external assessment of academic achievements among the school students (an evidence from Kazakhstan)», «Education and Self-Development» халықаралық ғылыми педагогикалық журналына «The Interactive Approach to Developing and Assessing Students' Functional Literacy» тақырыптарында ғылыми мақалалары жарық көрген. Бұдан бөлек республикалық, халықаралық конференция, семинар, форум, дөңгелек үстелдерде 50-ден аса мақала, баяндама, ғылыми еңбектері жарияланған.

Ғылыми дағдыларды жетік меңгерген Айгерім Жарқынбекқызы авторлық бағдарлама жазып, республикалық деңгейде жеңімпаз атанған. Аталған бағдарлама РҰМС тарапынан бекітіліп, іс-тәжірибесі республика көлемінде таратылды. Оның ғылым мен білім саласындағы тынымсыз еңбегі мен табандылығы алдағы уақытта да жаңа жетістіктерге жетелеп, ғылыми көкжиегін кеңейте беретіні сөзсіз.

Е.ӘНУАРУЛЫ

Ауыл тынысы

Еңбек – еңселі елді мекен

Тілшілік тіршілікпен тағы да жолға шықтық. Бұл жолы бағытымыз Еңбек ауылына түсті. Еңсесі биік елді мекенде жарқын жобалар жүзеге асуда. Оған өзіміз де талай куә болғанбыз. Ауыл әкімі Бақытберген Балханов жүйелі жұмыстар биыл да жалғасын тауып, ауыл ажарын айшықтай түсетінін жеткізді.

Ауылына қарап, азаматын таныдық

Төрт жүзге жуық отбасы қоныс тепкен ауылда 1500-ден аса халық тату-тәтті гүмбір кешуде. Атына заты сай ауыл тұрғындары жыл сайын еңбекпен еңсе тіктеп, тұрмысын түзетіп келеді. Мұнда «Еңбек-Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демейшілігімен бірқатар жоба қолға алынған. Нақтырақ айтсақ, Желтоқсан көшесі асфальтталып, озат сушы, механизаторларға 3 тұрғын үйдің кілті табысталған.

Сонымен қатар елді мекеннің электр желілерінің құрылысына жоба-сметалық құжат әзірленген. Серіктестіктің демейшілігімен ауданаралық жол бойынан «Реміздер» алаңы, жаяу жүргіншілер жолы мен түнгі жарықтандыру жұмыстары жүзеге асырылып, Желтоқсан көшесі мен Сырбай ата көшесінің қиылысына заманауи балалар ойын алаңы салынған.

Серіктестіктің септігімен жүзеге асқан тағы бір ерекше жоба «Батыс



Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық делізінен Еңбек, Аламекек, Жаңадария ауылдарына қарай бағыт алатын ауданаралық жол бойына арка орнатып, елді мекен төлқұжатын орнатқан. «Еңбек-Жер» ЖШС-ның тағы бір іргелі жобасының бірі – ауылда күріш зауытының іргетасы қалануы. Қазіргі таңда аталған

жобаның құрылыс жұмыстары бас-талған. Жоба құны 150 млн теңгені құрайды.

«Өңірлерді дамыту – 2025» бағдарламасы аясында 888 мыңға Қ.Адаев, Ынтымақ, Е.Бисенбаев көшелеріне күн сәулесінен қуат алатын түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізіліпті. Мұнан бөлек дәл осы бағ-

дарлама аясында 209 мың теңгеге ауыл шаруашылығы санағына байланысты елді мекендегі тұрғын үйлерге көше атауы немірлерімен QR кодпен өзiрлeнiп iлiндi. Сонымен қатар 475 мың теңге қаржыға елді мекеннің кіреберіс аймағына жасыл желіктерді қорғауға арналған металдан торлы қоршау орнатылған.

Еңбек көшелерінде жанбай қалған бағаналардың жарығын ауыстыру жұмыстары да назардан тыс қалмаған. Ауыл әкімі елді мекендегі түнгі көше жарықтарына күтім жасау бойынша 210 мың теңгеге бағаналардың жарығын ауыстыру және жөндеу жұмыстары жүргізілгенін айтады.

Жергілікті тұрғындар мал және егін шаруашылығын дамытып, табысын арттыруда. Мәселен, биыл ауыл тұрғындары 1 637 гектар жерге күріш, 535 гектарға жаңа жонышқа егіп, 763 гектар ескі жонышқаны күтімге алған. Ауыл әкімі Бақытберген Балханов аядай ғана ауылда кәсіпкерлік саласы қарқын алғанын айтады. Бүгінде олар мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп отыр, яғни мұнда жыл басынан бері 9 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 5 ауыл тұрғыны төрт түліктің ішінде ірі қара басын көбейту бойынша қайтарымсыз грант иегері атанып, өз кәсібін бастаған.

Ауылда жұмыссыздық мәселесін

тұсау мақсатында 25 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған. Олар ауылды көркейту көгалдандыру санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу бағытында жұмыс жасайды. Сондай-ақ Жастар тәжірибесіне 4 адам қабылданып, 8 адам ауылдық округке қарасты мекемелерге, шаруашылық құрылымдарына тұрақты жұмысқа орналасты.

Елді мекенде биыл да еңселі жол-балалар жүзеге асты. Мәселен Қ.Адаев, Ынтымақ, Е.Бисенбаев көшелеріне түнгі жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Қаржылай қолдау болса, бұл жобалар биыл да жалғасын тауып, ауылдағы электр желілерінің құрылысы жанартылмақ. Мұнан бөлек М.Байділдаев, Т.Дәуітбаев, Абай көшелерінің орташа жөндеу жұмыстары аяқталмақ.

Ауылдағы алтын ұя

Ауылдағы М.Байділдаев атындағы №232 орта мектеп жаңа оқу жылында 243 оқушымен жұмысын бастаған. Оның 16-сы бірінші сыныптың табылдығын енді аттаса, 7-еуі мектепалды даярлық тобына қабылданған. Биыл аталған білім ошағынан 21 оқушы бітіреді. Оның ішінде 1-еуі – «Алтын белгіге» үміткер.



Мектеп директорының айтуынша, биыл түлектердің 15-і ҰБТ-ға барады. Олар қазіргі таңда тыңғылықты дайындық үстінде. Нәтижесі жаман емес. Жыл басында тапсырған, яғни қаңтардағы ҰБТ-дан оқушылардың алды 136 балл жинаса, кеше наурыз айындағы ҰБТ-дан 133 балл алған.

Айта кетейік, былтырғы оқу жылында мұнда 20 оқушы үлкен өмірге қанат қақты. Оның 16-сы ҰБТ-ға қатысып, жоғары балл жинап, 14-і жоғары оқу орнының грант иегері атанған. Озат оқушыларға алтын ұяда 44 мұғалім сабақ береді. Олардың 8-і – педагог-зерттеуші, 18-і – педагог-саралық, 11-і – педагог-модератор.

Таланттар тоғысқан шаңырақ

Талай таланттың ауылдан шығатыны белгілі. Мың бұралған биші де, күміс көмей әнші де, ел намысын қорғайтын сайыпқыран спортшы да осында. Өнерлі жастардың басын бір арнаға біріктірген ауылдағы мәдениет үйінің тұрғындар үшін алар орны ерекше. Себебі мұнда сала қызметкерлері ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдаланып, түрлі үйірмелерге қатысуға септігін тигізуде. Мұнда жасөспірімдер өздерінің талантын шыншап қана қоймай, қоғамдық шараларға да үлесін қосуда.

Бүгінде ауылдық клубта 14 қыз-меткер бар. Ауыл жастарының өнерін шыңдауда мұнда 7 үйірме, тарқатып айтсақ, домбыра, ән, би, көркемсурет, жайдарман драма, қолөнер үйірмелері жұмыс жасайды және оған 84 оқушы қамтылған. Мұнан бөлек батыр аналар құралған «Батыр аналар» ансамблі бар. Ұлттық өнерді дәріптеп, мәні мен мағынасы терең екі әндердің ұмытылмай, сахнада шырақалына өз септігін тигізіп жүрген «Батыр аналар» ансамблінің ауыл тұрғындары үшін орны ерекше.

Барлық үйірме тәжірибелі мамандардың жетекшілігімен жүргізіліп келеді. Үйірме қатысушылары ауыл сахнасымен шектелмей, аудан орталығындағы іс-шараларда да өнер көрсетіп, үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүреді.

Иә, еңбекпен еңсе тіктеген елді мекенде бүгінге дейін бірқатар маңызды жоба жүзеге асқан. Алдағы уақытта да ауылды дамыту жұмыстары өз жалғасын таппақ. Ауыл әкімі инфрақұрылымды жетілдіруден қатар кәсіпкерлікті қолдау, жергілікті тұрғынның сапалы өмір сүруін қамтамасыз ету құндылықты күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе екенін жеткізді.

Бірлікпен тірлігін түзеп, татулықты ту өткен ауылдың бүгінгі келбетіне көз сүйсіндеді. Алдағы уақытта да тұрғындар жұмыла еңбек етіп, елді мекеннің еңсесін тіктеуде талай жоба жүзеге аспақ.

Сезім НҰР

Кітапхана — руханият ордасы



23 сәуір – Ұлттық кітап және кітапханашылар күніне орай «Руханият» орталығында «Кітаппен кемел болашаққа» атты мазмұны терең, рухани мәні зор эрудит-шоу ұйымдастырылып, көпшіліктің көңілінен шыққан тағылымды шара өтті. Бұл күн тек мереке емес, руханият пен парасаттың, сөз өнері мен ой тереңдігінің тоғысқан сәті ретінде есте қалды.

Шараның салтанатты ашылуында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұржан Амандық кітаптың адамзат өркениетіндегі орнына ерекше тоқталды. Ол кітапханашылар еңбегінің қоғамдағы маңызын атап өтіп, бірқатар сапа маманын марапаттап, олардың еңбегіне жоғары баға берді. «Кітап – ұлттың рухани коды, ал кітапханашы – сол коды сақтаушы аманат иесі» деген ой көпшілік көңілінен шықты.

Шара аясында аудан тұрғындары мен кітапхананың тұрақты оқырмандары ашық аспан астында ұйымдастырылған ерекше кітап инсталляциясымен танысты. Кітаптан өрлікпен көркем дүниелер рухани өлемінің жаңа қырын ашқандар әсер қалдырды.

Әсіресе білім мен ізденістің символына айналған композициялар көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Кештің ең маңызды бөлігі «Қаламгер. Кітап. Кітапхана» атты әдеби-рухани кездесу болды. Бұл алаң жергілікті қаламгерлер мен жас оқырмандар басын қосып, ой мен сөздің, тарих пен танымның тоғысқан ордасына айналды. Кездесуде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, өлкетанушы Тұрақ Адис пен Серік Бертаевтың қаламгерлік еңбектері ерекше талданып, олардың шығармашылық жетістігі құттықтау сөздермен дәріптелді. Қаламы қарымды қос қаламгерге құнды дүниелер мен жаңа шығармашылық биіктер тілеп, олардың әдебиет пен өлкетануға қосқан үлесі ерекше атап өтілді.

Алғашқы сөз тізгінін алған Әсия Мәдиева жүректендіріп, «білім құдығы» бейнесіндегі композиция, танымдық бұрыш, QR-код арқылы 100 кітапқа жол ашатын заманауи инсталляция және ескі газет беттерін құрастырылып, қызыл жіппен көмкерілген алма пішіндегі көркем жұмыс, бәрі де кітап өнерінің шексіз мүмкіндігін көрсетті.

Шараға кітапхана саласының ардагерлері Зулхия Жүсіпова мен Роза Боранбаева да қатысып, жас буынға арнап жүректарды тілегін білдірді.

«Кітап – адамзаттың ең асыл қазынасы. Кітапханашы – сол қазынаны ұрпаққа аманат ететін киелі мамандық иесі. Бүгінгі жастар кітаптан алыстамай, рухани байлықты бойына сіңірсе, елдің ертені өңеге іспетті әсер қалдырды.

Аталған шараға жас қаламгер ретінде мен де арнайы шақырту алып, өзімнің жүректарды лебіздімді білдіріп, шығармашылығымнан бір туындыны оқып бердім. Бұл сөз мен үшін үлкен жауапкершілік пен шабыттың тоғысқан мезеті болды. «Сөз жүректен шықса, жүрекке жетеді» дегендей, көрермен ықыласы рухани күш сыйлады.

Рухани кеште кітаптан жасалған ерекше инсталляциялар көпшіліктің назарын

аударды. Атап айтқанда, «білім құдығы» бейнесіндегі композиция, танымдық бұрыш, QR-код арқылы 100 кітапқа жол ашатын заманауи инсталляция және ескі газет беттерін құрастырылып, қызыл жіппен көмкерілген алма пішіндегі көркем жұмыс, бәрі де кітап өнерінің шексіз мүмкіндігін көрсетті.

Шараға кітапхана саласының ардагерлері Зулхия Жүсіпова мен Роза Боранбаева да қатысып, жас буынға арнап жүректарды тілегін білдірді.

«Кітап – адамзаттың ең асыл қазынасы. Кітапханашы – сол қазынаны ұрпаққа аманат ететін киелі мамандық иесі. Бүгінгі жастар кітаптан алыстамай, рухани байлықты бойына сіңірсе, елдің ертені өңеге іспетті әсер қалдырды.

Аталған шараға жас қаламгер ретінде мен де арнайы шақырту алып, өзімнің жүректарды лебіздімді білдіріп, шығармашылығымнан бір туындыны оқып бердім. Бұл сөз мен үшін үлкен жауапкершілік пен шабыттың тоғысқан мезеті болды. «Сөз жүректен шықса, жүрекке жетеді» дегендей, көрермен ықыласы рухани күш сыйлады.

Рухани кеште кітаптан жасалған ерекше инсталляциялар көпшіліктің назарын

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Қабдеш мұрасы: терең талдау, тағылымды ой

«Руханият» орталығында жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы бойынша «Тарих пен тағдырды тоғыстырған» атты тарихи-танымдық конференция өтті. Тағылымды шараға кент ардагерлерінің төрағасы Қожатай Қожақұлы, мектеп ұстаздары мен оқушылары қатысып, жазушы мұрасына талғам етті. Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар жазушының шығармашылығы, әсіресе «Тағдыр» романы жан-жақты талданып, оның тарихи және көркемдік құндылығы сараланды. Шығарма арқылы ұлттың өткені мен тағдыры, елдік мұраттар тереңнен қозғалды. Кеш соңында оқырмандар тарапынан ой-пікірлер айтылып, жазушы шығармаларын насихаттау, жас ұрпаққа кеңінен таныту бағытында ұсыныстар ортаға салынды.



Тағдыр оны тар жол тайғақ кешуден өткізді. Шекераның өр жағында туып, елге деген сағынышпен есейген бала кейін ұлттың сөзін сөйлеген қаламгерге айналды. Жай сағыныш емес, уақытпен бірге тереңдеген сезім. Сол сезім оның шығармаларына айналды, бүгінгі оқырманға маңызына жетті. Жазушының жолы дайын сурле емес еді, ол өз соқпағын өзі салды.

Шара басында жазушы өмірінің елеулі кездері атап өтілді. Лиястан кейін тарихты көркем әдебиетпен сабақтастырған жазушы Қабдеш Жұмаділов Тарбағатай тауының күнгей бетіндегі Малдыбай бұлағында дүниеге келген. Алғашқы білімі Сібіте өңіріндегі бастауыш мектептен алған жазушы кейін Шауешек қаласындағы қазақ мектебінде оқуын жалғастырды. Жастайынан сөзге жақын болып өскен талапкердің алғашқы өлеңі «Шыңжаң газетінде» жарық көріп, оның қаламгерлік жолының бастауы сол кезден-ақ аңғарылады. Кейін Қытай үкіметінің жолдамасымен Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде білім алды. Бұл кезең оның әдеби танымның тереңдетіп, шығармашылық бағытын айқындады. Алайда тағдыр оны тағы бір сынаға салды. Қытайдағы саяси күш-сүркі жылдар оның өміріне де өз көлеңкесін түсірді. Соған қарамастан 1962 жылы тарихи Отандық орапып, атажұртқа бет алған көштің алдындағы елге көрінді.

Басқосуда алғаш сөз алған аудандық кітапхана директорының орынбасары Үлкенмен Мәншүкбаева «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясына тоқталып, аталған роман туралы тың деректермен бөлісті. Оның айтуынша, шығарма алғашында біраз кідірістен кейін «Жұлдыз» журналында жарық көрген. Сонымен қатар кітапханаға

келушілер арасынан бұл туындыны оқыған оқырмандар сарпаланыпты. Оқу залында «Ұлт жадын жаңғыртқан қаламгер» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, үстел үстіне қойылған туындылардың өр беті сан мөрте паракталғанын аңғартады. Әрқайсысы оқырман қолының жылуын сақтаған.

Бірнеше жыл бұрын ауданға «Қазақстан – Қызылорда» телеарнасынан журналистер келіпті. Жай емес, ауданда жазушы Қабдеш Жұмаділовпен жақын араласып, сұхбаттасқан Қожатай ағайдың естеліктерін естуге келген. Қазаққа дара біткен тұлғамен жүздесіп, тілдесу бақыты жерлесімізге бұйырғанын қараңызшы. Жазушының болмысы тіріліп, көз алдына келіп тұрғандай әсер қалдырады. Тыңдап отырып, жерлесіміз емес, Қабдеш Жұмаділовтің өзі тіл қатып отырғандай көрінді де дегімін.

«Көкейкестің» оқығанын қызығушылығым оянда. Шыңжаң бойы шығармаларын үзбей оқи бастадым. Он екі томдығын 20 данадан тапсырыс беріп, ауданға да алдырдым. Тұтас бір жинақты Тұрақ Ахетовке бердім. Жиналыс арасында күнде хабарласып тұрамыз. Әр сөйлескен сайын шығарманың әсерімен бөлісіп, тебіреніп отыратын. «Сұмдық жазылды, Қожек» деп бас-аяғы төрт айда оқып шықты. Содан авторға риза болғаны сонша «хат жазамын» деді ғой. «Онда телефон нөміріңді қалдыр» дедім. Сол-ақ екен, көп ұзамай жазушының өзі хабарласыпты, – дейді ол.

Іне-шала экранда газеттің мақала жарияланған жарты мұқабасы көрінді. «Қазақ әдебиеті» газетінің 2010 жылғы саны. «Жалағаштан жалынды сөлем» мақаласы оқырман хаты айдарымен беріліпті. Қара сөздің Қабдешті жерлесіміздің атаулы хатын кейін «Тозақ оты» кітабына басыпты. Сонымен қатар конференция барысында

мәдениетінің айқын көрінісі іспетті. Бір барғанда жазушы «Тағдыр» романын қайта парактал отырған Алдында «Жас Алаш» газеті. Бір арасында туған күні атамекеге оралған уақыты екенін де айтып қалды.

Қабдештің бір сұхбатында «Тағдыр» романы – менің нағыз толысқан кезімде қазысыз жазылған шығарма. 1988 жылы 40 мың таралыммен басылған бұл романды оқырмандар небәрі екі-үш айдың ішінде талап еткен. Содан бері қоғам өзгеріп, ұрпақ ауысып жатса да, оқырман қауымының романды деген ыстық ықыласы суыған жоқ. Олай болғанын, бұл шығармада тарихтың қазақ жұртына белгісіз құпия қатпары көрініс тапқан ғой» деген екен.

Бала кезден кітаптың қызығатына бағып өскен бізге бүгінгі ұрпақтың тарихи талдауға ден қойып, өткенге ой жүгіріп отырғанын көру көңілге қуаныш ұялатады. Бұл – тек оқуға деген ықыластың емес, ұлттық сана мен рухани кемелдіктің айқын көрінісі. Осындай ізденімпаз жас өрендер барда ел тарихы да, әдеби мұра да өз жалғасын Тағдыр сөзсіз, –деді аудандық кітапхана басшысы Қуат Адис.

Иә, бұл – ұлттың рухани сұранысымен үндескен өлмес туынды. Қай дәуірде де өзегін жоғалтпайтын шығарманың ғұмыры ұзақ болмақ, «Тағдыр» – өткеннің елесі емес, бүгінмен тілдескен тірі тарих. Сондықтан Қабдеш Жұмаділовтің мұрасы бүгін қайта жаңғырып, жаңа буынның зердесіне сәулеленіп, ұлттық сананың шамшырағына айналып отыр.

Гүлжан ЕСЖАН

Газеттің келесі саны 1 мамыр, жұма күні шығады.

Меншік иесі:
СЫР-МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде саналы ғұмырын жыраулық өнермен сабақтастырған ақын-жырау **Айдос Рахметовтің «Жыр нөсер»** атты шығармашылық кеші өтті. Оның туған жері **Аққолқамен тамырлас тағдыры, «Аққолқа»** өлеңінің жазылу тарихы, «Нөсер» есімінің мәні және кештегі ұлттық дәстүр көріністері әдеби тілде сараланды.

«Жыр нөсер»: жүрекке жеткен сырлы сөз



Сыр бойы – жырдың киесі қонған, сөздің қасиеті сіңген қастерлі мекен. Бұл өңірдің әрбір тасы тарихтан сыр шерте, самал желі жырмен тербелгендей әсер қалдырады. Дариядай толқыған тіршілік пен кең даланың тынысы адам жанына ерекше бір күй сыйлайды. «Өнер – халықтың жаны» десек, сол жанның лүпілі дәл осы Сыр топырағында айрықша сезіледі.

Осындай киелі мекеннің перзенті – ақын жырау Айдос Рахметов. Ол – Сырдың сырлы табиғатын, даланың дарқан болмысын жүрегіне сіңіріп, оны жырға айналдыра білген өнер иесі. Жалағаш ауданына қарасты Аққолқа ауылында дүниеге келген жырау бала күнінен-ақ сөз қадірін ұғып, жырдың қасиетін бойына дарытып өсті.

Аққолқаның кең тынысты табиғаты, ақ самал желі, ауылдың қарапайым тіршілігі, бәрі де оның рухани қалыптасуына әсер етті. Ұл-көндердің өнегелі әңгімесі, ел ішіндегі естеліктер мен жыраулардан жеткен көне сарын оның санасына сәулеленіп түсірді. «Тәрбие тал бесіктен басталады» деген нақыл осы тұста айқын көрініс табады. Өйткені болашақ жыраудың өнерге деген алғашқы қадамы туған топырағында бастау алды.

Аққолқа – жырау үшін тек туған жер ғана емес, жүректің мекені, сағыныштың символы. Ол жерде балалықтың ізі, арманның бастауы, өмірдің алғашқы әсері жатыр. «Туған жерге туынды тік» деген даналық сөз оның шығармашылығында нақты көрініс тапқандай.

Жыраудың шығармашылық жолындағы айрықша кезең – 2013 жыл. Сол уақытта ол Орынбор қаласында білім алып жүрген жас талапкер еді. Жат жерде жүріп туған жердің әрбір сәтін сағынған жүрек ерекше толқынысқа түсті. Сол сағыныштан «Аққолқа» атты өлең дүниеге келді.

Бұл шығарма – жай ғана өлең емес, жүректің жан айқайы. «Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді» демекші, бұл туынды тыңдарманның жүрегіне жол тауып, көпшіліктің ықыласына бөленді. Онда туған жердің әрбір тасы, сылдырлап аққан бұлағы, самал желі поэтикалық бейнеге айналып, сағыныштың сырлы сазын жеткізді.

Уақыт өте келе «Аққолқа» ел ішінде кең тарапты, туған жерден жырақта жүрген талай жанның көңіл қуаны бейнелейтін ортақ туындыға айналды. Өйткені ол жеке адамның ғана емес, тұтас бір халықтың жүрек лүпілі еді.

Айдос Рахметовтың өнер жолы осы шынайы сезімнен бастау алып, биік белестерге көтерілді. Ол айттыс аламандарында, жыр додаларында топ жарып, ұлттық өнердің лайықты өкіліне айналды. Оның жырларынан терең ой, ұлттық рух, адамдық құндылықтар анық аңғарылады. «Өнерлі өрге жүзер» дегендей, оның шығармашылығы да уақыт өткен сайын кемелдене түсті.

Осы орайда аудандық мәдениет саласының өкілдері мен ел ағалары да оның еңбегін жоғары бағалады. Рухани кеште аудан әкімінің орынбасары Ғани Сұлғайымов өнер иесінің өнегелі өмір жолына тоқталып, шығармашылығына сәттілік тіледі.

– Айдос Рахметов – тек өнер иесі ғана емес, туған жердің рухын жыр арқылы тірілтен азамат. Ол айттыс аламандарында, жыр додаларында жүлделі орын алып, аудан абыройын асқақтатып жүр. Оның әрбір жыры – елге деген сүйіспеншіліктің, туған жерге деген адалдық-тың айғағы, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Бұл сөздер – өнер иесіне берілген шынайы баға, рухани қолдаудың көрінісі. Кештің мазмұнын тереңдетіп түскен ерекше сәтті бір ақын шығармашылығының отбасылық үндестікпен сабақтауы еді. Сахна төрінде Айдос Рахметовтың жары Айнуір Ерниязова мен қыздары, ұлы Нөсер, белгілі сазгер Ұкітай Ерниязов өке мұрасын арқау еткен жырларды орындап, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Бұл жай ғана өнер көрсету емес, бір әулеттің жүрегінен туған рухани үндестіктің көрінісі еді.

Әке жырын ұрпақтың жалғауы – қазақы болмыстың, текті тәрбиенің айқын белгісі. Әрбір орындаушының туындыға өкпені үні, ананың мейірімі, бала жүрегінің тазалығы қатар өріліп, сахна мен көрермен арасын кезге көрінбес рухани көпірге айналдырды. «Өнер ұрпаққа аманат» деген ұлағатты сөздің шынайы мәні дәл осы сәтте айқын сөзілді.

Осындай шығармашылық ізденіс пен рухани кемелденудің нәтижесінде «Жыр нөсер» атты кеш көпшілікке жол тартты. Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен бұл кеш өнер мен өмірдің, жыр мен тағдырдың тоғысқан тұсы болды.

«Жыр нөсер» атауының өзі терең мағынаға ие. Нөсер – табиғаттың қуаты құбылысы. Ол айналаны жаңартып, тіршіліктік серпін береді. Сол секілді жыраудың жыр да тыңдарман жанын тазартатын рухани күшке ие. «Сөз – қуатты қару» десек, жырау – сол қаруды игерген шебер.

Бұл атау жырау өмірімен де тығыз байланысты. Төрт қыздан кейін дүниеге келген ұлына Нөсер деп ат беруі жыр мен өмірдің бір арнаға тоғысқанын білдіреді. Бұл – рухани сабақтастықтың айқын белгісі. «Ат – адамның қанаты» десек, есім де адамның тағдырына әсер ететін мөнге ие.

Тағылымды кеште жырау отбасымен бірге сахна төріне шығып, өнердің ұрпаққа жалғасатын аманат екенін көрсетті. Бұл «өке көрген оқ жонар» деген нақылдың өмірдегі нақты көрінісі еді.

Кештің ең әсерлі сәтін бір ұлттық дәстүрдің жаңғыруы болды. Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сұлғайымов жыраудың ұлы Нөсерге ат мінгізіп, қазақы салттың мәнін айшықтады. Ат мінгізу – жай ғана сый емес, болашаққа сенім, ұрпаққа берілген баталы жол. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» десек, мұндай салт – ұлт рухын асқақтатын асыл мұра.

Сахна төріндегі бұл көрініс көрермен жүрегіне ерекше әсер қалдырды. Аттың тізгінін ұстаған бала – елдің өртені, үміттің символы іспетті болды.

Шарада орындалған әрбір жыр мен терме тыңдарманның жүрегіне жетіп, терең ойға жетеледі. Сахнадағы өнер мен көрермен арасындағы рухани байланыс ерекше үйлесімі айналды. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, әрбір шумак көпшілікке ой салды.

Кеш соңындағы көрерменнің ыстық ықыласы жырау еңбегіне берілген ең үлкен баға болды. Бұл өнердің өлмейтінін, сөздің мәңгілік екенінің айқын дәлелі еді.

«Жыр нөсер» – тек шығармашылық кеш емес, Аққолқадан бастау алған жырдың Сыр бойына тараған рухани толқыны. Бұл – бір адамның тағдыры арқылы тұтас бір өңірдің рухани көлбетін танытқан өнер мерекесі.

«Өнер мәңгілік» деген сөз бекер айтылмаған. Сыр сазынан өрілген жыр нөсері де уақыт өткен сайын өз арнасын кеңейте береді. Өйткені шынайы өнер ешқашан өлмейді, ал жүректен туған жыр – әрдайым жүрекке жететін мәңгілік рухани сарын.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА